

Әзденіп білім алаңыз, игілігін көресіз. Ойды ортаға салаңыз, елге пайда бересіз.



№5 (353)
15 наурыз, 2021 жыл

МАҢҒЫСТАУ МҰҒАЛІМІ

Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым 2006 жылдың 6 мамырынан бастап шыға бастады

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Тек адамзат қана емес, табиғаттың да жасарып, бой түзейтін шағы – Ұлыстың ұлы күнінің баршамыз үшін жолы да, жөні де бөлек. Күллі шығыс жұртына ортақ мереке — Наурыздың

тарихы тым тереңде жатыр. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке біздің жан-дүниемізді шуаққа бөлейді, ой-ниетімізді таза арнаға бұрады.

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!



Игі тілекпен,
«Өрлеу» БАҰО»
АҚ филиалы
Маңғыстау
облысы бойынша
ПҚ БАИ ұжымы

Ғылымға қанат қаққан жас өрен

Республикалық XVI «Зерде» конкурсында «Өтес жалпы білім беретін мектебі» оқушысы Алтынбек Ибраһим Саясатұлы жүлделі орынға ие болды.



Бастауыш және орта буынды оқушылардың интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін және танымдық қызығушылықтарын ынталандыру мен оларға қолдау таныту мақсатында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы оқушылардың зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының XVI республикалық «Зерде» конкурсы өткізілді. Мектебіміздің өрелі өрендері көптеген ғылыми жобалар байқауларына қатысып топ жарып жүр. Солардың бірі 4 сынып оқушысы Алтынбек Ибраһим Саясатұлы. Ол облыстық «Зерде» конкурсында топ жарып I орынды, республикалық кезеңде жүлделі III орынды иеленді. Жас ғалымның мақсаты енді ғылыми зерттеулерін жалғастырып, үлкен ғылыми жобаларда топ жару. Еліміз бойынша үздік үштікті қорытындылаған жеңімпаздың ғылыми жетекшісі бастауыш сынып пәні мұғалімі Байбоз Жанар. Оқушылардың ғылыми ізденісін шыңдап, оларды байқауға дайындауда сүбелі үлес қосып келе жатқан ұстаздың бұған дейін тағы бір оқушысы аталған сайыста жүлдегер атанған.



Ақнұр БЕКСҮЛТАНОВА,
Өтес жалпы білім беретін
мектебінің
математика пәні мұғалімі,
Маңғыстау ауданы

Амал келді, жыл келді!

Көктемнің жайма шуақ алғашқы күндерінде, 14 наурыз көрісу мерекесін «Амал» мерекесі деп те атайды. Көрісу күні ресми мейрам ретінде мойындалмаса да, Маңғыстау облысының халқы бұл күнді асыға күтеді. 14-22 наурыз күндер аралығында әйелдер қазақтың ұлттық киімдерін киіп, ұлттық әшекейлер тағып жүреді. Өкпе – ренішті ұмытып, көрісу күнінде адамдар бір – бірімен табысады. Осындай мереке, яғни, Амал мерекесін Өтес жалпы білім беретін мектебінің ұстаздары да ерекше атап өтті. Мектептің іші, дәлізі ұлттық нақышта сәнделіп, оқушыларды қазақтың ұлттық тағамдарымен, ұлттық аспаптары-



мен әндетіп, қарсы алды. Дәстүрлі мерекеге, ардагер ұстаздар шақы-

рылды. Мерекелік шарада мектеп директоры Г.Надинова ұжымды Амал мерекесімен құттықтады.

Ұлттық киім киген мұғалімдер, оқушылар бір – бірімен көрісіп, жақсы тілек айтысты. Ұлттық тағамды дәріптеу мақсатында, наурыз көже дайындалып ұжымға ұсынылды. Ұйымдастырылған шарада мұғалімдер мен қызметкерлер арасында ұлттық ойындар ойнатылып, қатысушыларға сыйлықтар табысталды.

Мадина ТИЕКБАЕВА,
Өтес жалпы білім беретін
мектебінің тәлімгері,
Маңғыстау ауданы

Ұлт анасы - қазақ тілі

Туған жер! Отан! Осы екі нәрсе бір-бірінен ажырамас, ет пен терідей біте қайнасқан ұғымдар. Ұланғайыр даламызды ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен бізге аманат етіп тастап кетті. Ендігі біздің міндетіміз-осынау аталар аманатына қиянат жасамау. Ал, қиянат жасамау - бұл осы ең даламызды көз қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа қалдыру деген сөз. Әрбір адамның туған елі, туған жері, Отаны болады. Отансыз адам-опасыз, опасыз адам-имансыз, ал имансыздық-сатқындық. Ал енді сатқындық-адамзаттың азғыны! Міне, осы Отанның иесі-халық. Халық бұл - көпшілік. Осы көпшілік ұлтты құрайды. Ұлт бар жерде, ұлттың тілі де бар. Ұлттың тілі - сол ұлттың ана тілі болып есептеледі. Ұлттың айнасы да, анасы да-тіл! Қазақ халқының, қазақ ұлтының ана тілі-қазақ тілі!

Мұнайлы ауданы №10 жалпы білім беретін мектепте өткен, бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған «Ұлт анасы-қазақ тілі» атты жиынымызда осы ана тіліміздің ділгірліктері сөз болды. Облысымыздың барлық өңірлерінен келген тіл майталмандары ана тіліміз-қазақ тілінің мәселерін сөз етті, пікір алмасып, бас қосты.

Қазіргі қазақ тіліміздің жай-күйіне жан салып, жан күйдіріп жүрген азаматтар баршылық. Солардың бірі де бірегейі, белгілі авар ақыны Расул Ғамзатовтың: «Егер тілім ертең болса құрымақ, мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ», - деген сөзін өзіне ұран етіп алып жүрген маңғаз Маңғыстаудың марқасқасы, сайын даламыздың Ер Сайыны, сәулетші, ақын, жазушы, драматург, белгілі қоғам қайраткері Сайын Назарбекұлы... Бүгінгі жиынымыздың негізгі тақырыбы да тіл жанашыры Сайын ағамыздың «Ұлт анасы-қазақ тілі» атты толғау кітабындағы тіл мәселелері.

Сайын Назарбекұлы өзінің «Ұлт анасы-қазақ тілі» атты толғау кітабы жайлы түсінік беріп, жазуға себеп болған бірталай мәселелерге кеңінен тоқталып өтті. Кітабының



атауын да «Ұлт анасы-қазақ тілі» деп қоюының өзіне де ұзақ ойланғанын тілге тиек етіп жиналған тілші мұғалімдердің пікірлерін тыңдады. Семинар соңында қазақ тілінің маман-мұғалімдері, майталман тілшілер ана тіліміздің қазіргі жағдайы, жеткен жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталып, өздерін толғанып жүрген мәселерді сөз етті. Көпшілігі қазіргі кезде мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілінің болмысы адам қынжылатындай дәрежеге жеткенін, бұл мәселені қоғам болып, мемлекеттік дәрежеде шешу керек екендігіне баса назар аударды. Назарбаев Зияткерлік Мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Үмбетова Жаңагүл, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің майталманы, қазіргі кездегі зейнеткер Қорабаева Гүлзада, экономикалық лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қоразова Сәнімхан, Мұнайлы ауданы №14 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Есенғалиева Гүлнәрлар тіл мәселесіне қатысты көкейінде жүрген ойларын ортаға салды, ағаның кітабының бала тәрбиесіне әсіресе, сынып сағаттарына қолайлы және қажет құрал екендіктеріне тоқталды.

Сайын аға қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне енбей қалған қаншама сөздердің барлығын, өзінің бір ғана түйе малы жөнінде айтылатын, алайда, оны сөздіктерден таба алмағандығын айта отырып, тілшілерге осы мақсатта белсенді іздестіру жұмыстарын

жүргізуге ой салды. Мектептердегі жас буын- оқушылардың, ұстаздардың шығармашылығы бойынша көпшілікке естелік болып қалатын жинақтар шығару да күн тәртібіне алынуға тиіс екендігін баса айтты.

Көпшілік тілші мұғалімдерінің облыстық қоғамын құрып, оған облыс бойынша барлық қазақ тілі мұғалімдерін мүше етіп, кейінірек осы қоғамның аясын кеңейтіп, республикалық қазақ тілшілер қоғамы дәрежесіне жеткізуді ұсынды. Семинарға құрылтайшы болып отырған №10 мектеп директоры Нұрманова Құралай білім саласында тіл мәселесінің күн тәртібінен түспейтіндігін, балаға ұлтжанды тұлғаларды таныстыру, кездесулер мен арнайы кабинеттер, музейлер жасау арқылы туған тілдің құдіреттілігін түсіндіруге, көздерін жеткізуге күш салу керектігі жөнінде өз ойын ортаға салды.

Алдағы күндері еліміздің тарихи жерлеріне саяхат жасалып, басқа өңірлерге көшпелі жиын-семинарлар ұйымдастыру қажеттігі жөнінде де пікірлер айтылды.

Семинар қатысушылары тағы күрделі, әрі өзекті болып тұрған тағы бір мәселеге назар аударды. Ол-латын графикасына өту және оны тиімді, ыңғайлы жазу графикасы жөнінде жұмыстанып жүрген ғалым ағамыз Қуантқан Ванов өз ойын ортаға салып, қатысушылармен пікір алмасты. «Әліпбиді талқылаймыз» чаты арқылы ұстаздың ұсынған графикасы талқылану үстінде.

Бұл семинардың қызықты әрі тартысты өтуі - өзекті мәселелердің, тақырыптың орынды алынғандығында екеніне жиналғандар риза болды. Тілшілердің алдында қызықты да жауапты жұмыстар күтіп тұр, себебі, олар ұлт анасы – қазақ тілдің жанашырлары!

Сейілбек МЫРЗАКУЛОВ,
№10 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Мұнайлы ауданы



Қарасаз сапарынан

*Сен менің еліме бар, жерімді көр,
Жандар бар әр нәрсенің жөнін білер,
Қонағы бол жыл сайын келіп жүрер.
Асылы бол жыл сайын көріп жүрер.*

Ардағы бол артатын сенім-жігер, – деп ақиық ақын Мұқағалидың өзі жырлағандай қасиетті Қарасазға сапар шегу - әр адамның арманы. Ақынның сыршыл өлеңдеріне қалам тербетірген де туған жерінің, даласының құдіреті деп білемін. Ақын өлеңдерімен балаң кезден дос болған маған да Қарасаздың топырағын басу бұйырыпты. Қарасазға сапар шегуім – тарихи сәт. Қуанғанда, қаймыққанда ақын өлеңдері серігіме айналған-ды. Ұстаздық жолда ақынның шығармашылығын шәкірт санасына сіңіре отырып, бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатыстық. Мұқағалидың образын сомдалған театр қойылымдарына барған сайын ақынның әлемін жаңаша қырынан танытынбыз. Шәкірттерім де ақынның сыршыл өлеңдеріне сүйсініп, шығармашылығына қызығушылықтары артты. Кез келген өлеңі қиялдарына қанат бітіріп, Мұқағалиша қалам тербетіп, поэзия әлеміне қадам басты. Қарасазға сапарымыздың мақсаты да шәкірттердің талантына жол ашып, жыл сайын өтетін Мұқағали оқулары сайысының актық кезеңіне қатысу. Әр өңірден келген поэзияға құштар шәкірттер ақынның

мұрасын дәріптеп, ізімен жыр арнады. Қасиетті Қарасаз топырағында жеңістің дәмін де сезініп қайттық. Ақынның туған жерінде өткен санаулы күндеріміз біз үшін ыстық естеліктерге айналды.

Ақынның шалқар шабытына дем берген туған жері – Қарасазы. Тауларынан ақынның қоңыр үні жаңғырып, бауларынан өлеңдері өріліп тұрғандай. Қарапайым халқы арқылы Мұқағалимен жүздескендей күйде болдық. Аядай ғана ауылда еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін қара өлеңнің құдіретін сезінеді. Осы орайда ақынның «күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» деген өлең жолдары ойға оралады. Алыс сапардан барған әрбір қонаққа көрсеткен ілтипатты ақынға деген құрметі деп бағамдадық. Мұражайы заманауи үлгіде жабдықталған, қысқа ғана ғұмырында қалған мол мұрасын сөреден көшірмей, санадан өшірмей сан ұрпаққа жететіні қуантады. Осы күнге дейін Мұқағалидың біз білмейтін қырын мұражайдан естіп, көріп таңдандық. Қарасазы жайында «Сенің ғажап табиғатыңды кімге айтам, Кім құмартса өзі көрсін көзімен» дегендей, туған жерін көруге құмартқан жан Мұқағали жырларының мұражайында тұрғандай күй кештік. Өзі жырлаған Қарасазының қарапайым халқы қара өлеңін қалтқысыз сүйетіні жанымызды жадыратты, көңілді толқытты. Мұқағалиды «ақиық»,

«мұзбалақ», «Хан Тоәңірі» деп бекер айтпағаны осы бір-екі сапардағы көріністер дәлелдегендей.

Мұқағали әлемі – кіршіксіз сезім, сенім, нұр іспетті. Қай жанрда қалам тартса да суреткерлік шеберлігі сан алуан қырынан танылды. Туған жерге, Отанға, анаға, жарға, досқа, өмірге деген махаббатын қара өлеңнен тапты. Қай тақырыпты қозғаса да оқырманының жүрегіне жол тауып, қазақ поэзиясының символына айналды. Ақын өз естеліктерінде: «Мені өз өлеңімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның құдды дауысындай» - дей келе, оқырманын өлеңі арқылы өз әлемінің тұңғығына батуды көздейді. Кемелгер қаламгер Әбіш Кекілбаев: «Өз халқына деген ұлы махаббатын өле-өлгенше жоғалтпай, шын ғашық бола білген ақын – Мұқағали», – деп керемет теңеуін беріпті. Иә, ақынның өміршең мұрасы мен өзі туралы естеліктері тарихпен бірге ілесіп келеді. Биыл Мұқағалидың 90 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде атап өтілсе ғанибет болар еді.

Ардақ КОРГАНБАЕВА,
«Білім-инновация»
лицей-интернатының мұғалімі,
Ақтау қаласы

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Қазіргі таңда барлық әлем жұртының назарын аударып отырған мәселе инклюзивті білім беру саласы. Инклюзивті білім беру - мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу педагогикалық және әлеуметтік мұқтажына арнайы қолдау, білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту - ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Олардың қоғамда адамдармен толық араласуына мүмкіндік береді. Олар басқа балалардың қолдауын және достығын қажет етеді. Инклюзияға мектептерде

басты жауап беретін тұлға - дефектолог. Дефектологпен бірге логопед, мектеп директоры, психолог, әлеуметтік педагог бірлесіп жұмыс атқарып отырады. Қазіргі таңда мектебімізде биылдан бастап инклюзивті білім беруде дефектолог штаты ашылып, дефектолог маман - Саудабаева Ақкүміс Қайроллақызы өз жұмысын жүргізіп отыр. Маман өзінің күшімен жабдықталған шағын кабинетте балалармен онлайн және офлайн білім беруде. Кабинетте әр түрлі түстерді, фигураларды айыруға арналған және ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында құрастырмалы ойыншықтармен, компьютерлермен жабдықталған.

Ата - аналармен тығыз байланыста педагогикалық қолдау көрсету мектептен жүргізіліп отыр. Инклю-

зивті білім беруде мектеп бойынша басқару мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша орынбасары Сүгірова Жанғаным апайға тапсырылған. Апайдың басқаруымен дефектолог, психолог, әлеуметтік педагог педагогикалық кеңесте бекітілген жоспарлары бойынша, ата - аналармен тығыз байланыс жасап, атқарылған жұмыстары бойынша ұжымға есептер беріліп отырады.

Дефектолог - Ақкүміс апай балалардың жасалған жұмыстарын ата - аналарына көрсетіп, онлайн түрде тығыз байланыста екенін де айтып өтті.

Инклюзивті бағыт арқылы балалар оқуда жетістіктерге жетіп жақсы өмір сүру мүмкіншіліктері қалыптасып отырады. Мектебіміздің

МАД тобының тәрбиеленушісі Саматқызы Раяна ҚР-ның Тұңғыш Президенті күніне орай, "Үміт" облыстық шығармашылық өнер фестивалінің ән өнері бойынша "Жезтаңдай әнші" номинациясымен марапатталды. Қорыта келе, әрбір бала білім алуға құқылы және алуға тиіс. Біздің міндетіміз инклюзивті бағытта білім бере отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Алмагүл НҰРНИЯЗОВА,
Е.Айшуақұлы атындағы орта
мектептің бастауыш
сынып мұғалімі

Болашақ ұрпақты тәрбиелеу - міндетіміз

Елбасымыз Н.Ә Назарбаевтың мақаласында «Елімізді 2050 жылы барысқа айналдыратын күш - мектеп партасында отырған оқушылар мен 15-20 жас аралығындағы бүгінгі ұрпақ, ертеңгі болашақ» деген еді.

Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты тәрбиелеу, жан-жақты білім беріп, интеллектуалдық деңгейін көтеру және әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқасында шығармашылыққа жетелеу - ұстаздардың еншісінде. Әрине мұндай кезде мұғалімнің терең біліктілігімен шеберлігі қажет болатыны анық.

Менің мамандығым бастауыш сынып мұғалімі, жас ұрпақтың тағдыры, білімі мен тәрбиесі мен үшін әрдайым өзекті.

Шындығында, бастауыш сынып ұстаздары үшін оқушыларды

мектепке дағдылау, олардың білім алып, ортаға бейімделуі, қоршаған ортамен танысуы көптеген қиындық тудыратыны анық.

Мен жетекшілік ететін 1 «б» сыныбында 20 оқушы білім алады. Әрбір ұстаз үшін 1 қыркүйекте мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерді жылы шырай мен қарсы алып, қолдарына алғаш қалам ұстатып, әріп танытып, ортаға бейімдеу біз үшін қуаныш болатын.

Бәрімізге белгілі әлемде болып жатқан пандемияның кесірі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Мектеп табалдырығын аттағалы отырған оқушылар үшін, жаппай қашықтықтан оқу жүйесі енгізілген болатын. Шынында мұндай қашықтан оқыту жүйесін тек теледидардан немесе сырт мемлекеттердің білім алушыларын көріп еститінбіз. Бұл жүйе әсіресе бастауыш сыныпқа

баратын оқушыларға көптеген қиындықтар тудырды. Осындай қиын-қыстау кезеңде, түсіністікпен қараған оқушыларымыздың ата-аналарына алғысым шексіз. Ия, ата-ананың барінде бірдей төзім, сабыр не педагогикалық білімі жоқ, осылардың бәрі ескеріле отырып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып сол қиындықты еңсеріп өттік.

Шүкір, қазір кезде оқушыларымыз мектепке оралып кезекші сыныптарда білім алуда.

Қазіргі кезең бірінші сынып оқушылары үшін деңгейлеп-саралап оқыту, сонымен қатар әрбір оқушының жұмыс қарқынын бақылау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін ескеретін уақыт. Қашықтан оқытуда оқушыларымыз жоғарыдағы айтылған ережелерді өз деңгейінде оқи алған жоқ. Үшінші тоқсаннан бастап мектебімізде

медициналық талаптарды сақтай отырып, кезекші сыныптар ашылып, оқушыларымыз екі ауысымға бөліп оқытудамыз. Дегенмен қашықтан оқытудың тиімді тұстарында айта кеткен жөн, оқушыларым ата-аналарымен бірге өз бетімен жұмыс жасауына, әлеуметтік желіні меңгеруіне, күнделікті сабақтарына жауапкершілікпен қарауын үйренеді.

Қорытындылай келе «Білімді болу деген сөздің мағынасы белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деп Ал-Фараби айтқандай, қандай қиын-қыстау болса да ұстаз өз деңгейінде ұстаз болып қала бермек.

Анар СЕЙЛХАНОВА,
Абай орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі,
Бейнеу ауданы



Үздік педагогтер эстафетасы

Бейнесабак әзірлеу тәжірибемнен

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен өтіп жатырған Үздік педагогтер эстафетасына қатысып, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалының тренерлерімен бірлесе отырып, қашықтықтан оқу сабақтарын жасаудың мұғалімдерге жүктелуінің өзінде бір мән бар деп түсіндім.

Айта кететін болсам, мен бұл эстафетаға үшінші рет қатысып отырмын. Ең алғашқы рет қатысқанымда, ел тыныш, бәле-бәтерден аман уақытта, офлайн форматта сабақ түсірген болатынмын. 2-сыныптың әдебиеттік оқу пәнінен Бердібек Соқпақбаевтың «Шынықсын денеміз» атты сабағы болатын. Ол кезде мен ең алғашқы әдет-ғұрыптармен таныстым. Қанша жыл еңбек етсем де заманға сай өзгеремін деп, ешқашан ойламаппын. Қанша дегенмен сөйлеу этикасы, өзін-өзі ұстау өте оңай емес екеніне көзім жетті.

Ал, екінші тоқсандағы түсірген сабағым да оңай болмаған себебі, еліміздің басына сынақ түскен кезде эстафета тағы келді. Бұл жолы онлайн болып кеткені өте қиын болды. Десе де іс-тәжірибемді шыңдадым. Тек бір өзім емес, тығырықтан көптеп көмектеп шығуды үйрендім. Өзімнен кішілерге жол нұсқадым. Өзімді керек сезіндім. Не деген ғажап сезім! Бұл математикадан 3-сыныптқа арналған сабақ болатын. Сабақтың тақырыбы: Километр. Миллиметр. 61-сабақ. Бұл сабақта жалпы «Өте жақсы!» «Жарайсың!» деген коментарийлерді алған едім. Бұл жолы тек өзім үшін ғана емес, өзгелерге көмектестім. Ұлы Абай атамыз айтқан «Өзі үшін ғана жасаған адам, өзі үшін оттаған малмен тең»-дегенді ұстанамын!

Үшінші тоқсанға сабақ түсіргенде көптеген керек әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, «ютуб» каналында плагиат болмау үшін, сабағым дара, қайталанбай шығуына жұмыстандым.

Сабағымның оқу мақсаттарын анық айту тапсырылды. Сол үшін де сабақтың көп бөлігі сабақ мақсаты деген коментарий алдым. Ережеге бағыну керек! «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ тренері Гүлнар Жоланқызына ерекше Алғыс! Бүгін қыс кетіп, қар еріп, тоң жібіп, қиыншылықтардың қыс кезінде қалған шағындағы күн-көктемнің шыққанының бір белгісі болып, алғашқы мерекесімен құттықтаймын! Осы бір мүмкіндікті пайдаланып, республикалық эстафетаны ұйымдастырған тамаша жандарға алғыс! Мен бұл шарада шыңдалып, шыңға шықтым деп мақтанышпен айта аламын.

Анаргүл САРБАЛИНА,
«Үстірт орта мектебі» КММ-сінің
бастауыш сынып мұғалімі,
Бейнеу ауданы

Шараларға белсене қатысайық!

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Сондықтан да мұғалімнің жаңаруы қажымас ізденісі мен шығармашылық еңбегімен келмек. Оның үстіне ғаламдық пандемия жағдайындағы қашықтан оқу үрдісі ұстаздарға одан да зор міндеттер жүктеді. Еліміздің білім саласы қызметкерлері бұл қиындықты да еңсеріп, нәтижелі жұмысқа ден қойды. Сол жұмыстардың бірі-оқушыларға арнап бейнесабактар түсіру.

«Үздік педагогтар эстафетасы» аясында қазақ тілінен 3-тоқсанға арнап бейнесабак дайындау барысында мен бұл жұмыстың күрделілігі мен ауқымдылығын түсіндім. Мұғалімнен жан-

жақтылықты, сөйлеу мәдениеті мен креативтілікті, шығармашылықты, коммуникативтілікті талап ететінін білдім. Қазіргі жаңартылған білім беру кезінде білім алушыға білімді дайын күйінде бере салмай, олардан өз бетімен ізденуді талап ететін тапсырмалар дайындауға тырыстым. Критериалды бағалау тәсілдерін қолдандым. Сыни ойландыратын сұрақтар қойдым. Бейнесабактың нәтижелілігіне баса назар аудардым. Бейнесабак түсіру үшін көп іздендім, қашықтан оқыту әдіс-тәсілдерін мұқият зерделедім, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды зерттеп, тиімдісін сараладым. Осы жұмыс барысында өзім білмеген көптеген жаңа нәрселерге қанық болдым. Атап айтқанда, дауыс дикциясын дұрыс қою, сөйлеу мәнерін жөндеу, экран алдында өзін ұстау, материалдарды ретімен дұрыс қою, түрлі цифрлық бағдарламаларды

қолдану дағдыларын меңгердім. Ұстаз ізденісінің жаңа бағытын табуға мүмкіндік берген эстафетаға қатысқанымға қуаныштымын.

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы мұғалім болып табылады. Бұл мұғалімдердің біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді тұлға болуына зор көмегін тигізеді. Болашақта да осындай шараларға белсене қатысуға әріптестерімді шақырамын.

Гүлнұр ҚАЛДЫҒҰЛОВА,
Маңғыстау аудандық білім бөлімі
Е.Айшуақұлы атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі

Озық идеяларды көрсету мен тарату

45 жыл мұғалім болсаң да 45 минуттық сабаққа дайындалуға міндеттісің демекші, ұстаздық қызмет үнемі ізденуді, білімінді жетілдіруді, жаңашылдықпен танысуды қажет етеді. Осы ретте «Өрлеу БАҰО» АҚ филиалы ұйымдастырған бастауыш сыныптар бойынша білім мазмұнын жаңарту курсынан өте жүріп, өзімнің алдымнан жаңа мүмкіндіктердің ашылғандығын байқадым. Бұған себеп: «Еліміздің үздік педагогтері» эстафетасы болды. Курстан үйренгенім бар, өзімнің ынтаммен, курс тренерлерінің нұсқауыменен эстафетаға қатысқым келді.

Менің таңдаған сабағым 3-сыныптың III тоқсанында өтетін «Зат есім» тақырыбы болды. Оқу

мақсатына жету үшін «Кім шапшаң?», «Сәйкестендіру», «Дұрыс–бұрыс» әдіс-тәсілдерін қолдандым.

Сабақ нәтижесінде оқушылар «Зат есім» тақырыбында толық меңгерді деп ойлаймын. Үздік педагогтер эстафетасына қатысу арқылы тәжірибелі ұстаздардан тәлім-тәрбие жинақтап, өзімнің кәсіби дамуыма мол мүмкіндіктер алдым және де жарияланған бейнесабакым мұғалімдердің іс-тәжірибелерінде, сабақ барысында тиімді қолдануға зор үлесін тигізеді деген ойдамын. Әріптестер мен желілік қоғамдастықта тығыз байланыста болуына, өз ойларымызбен бөлісуге, пікірлесуге көптеген ықпалын берді. АКТ қолданудағы дең-

гейімді жетілдірдім, шеберлігімді шыңдадым. Бастауыш сынып мұғалімдерінің осы заманғы озық идеяларын көрсету мен таратудың таптырмас түрі.

Ұстаздың әрбір сабағы осындай ізденіспен, шығармашылықпен, АКТ-ны қолдана отырып, оқушы мүмкіндігі мен қажеттілігін ескере отырып өтсе білім сапасының көтерілуіне оң ықпал ететіндігі сөзсіз.

Әзиза СӘТІНОВА,
Ұштаған ауылы
Маңғыстау аудандық білім бөлімінің
А.Өтепбергенов атындағы ЖББМ КММ
бастауыш сынып мұғалімі

Қашықтан сабақ беретін маманға айналдым

Мен осы эстафетаға қатысып, өзіме баға жетпес тәжірибе жинадым. Бейнесабакты дайындау барысында көптеген жаңа технологиялар мен қашықтықтан сабақ берудің түрлі әдістерін меңгеріп, өзімнің педогогикалық дағдыларымды жетілдіре түстім.

Эстафетаға қазақ тілі сабағынан 3-сынып оқушыларына «Өнер» тақырыбының негізінде «зат есімді» түсіндіретін бейнесабак дайындадым. Сабақта барлық баланың белсенді болып, өз білімдері мен пікірлерін ашық көрсете алуы үшін «Топтастыру», «Сәйкестендіру» және «Кім шапшаң?» ойын әдістерін қолдандым. Жалпы өнер туралы, қазақ халқының өнер өкілдері туралы оқушылардың көкжиегін кеңейту мақсатында тапсырмаларды осы тақырып аясында таңдап алдым. Бұл арқылы балалар әрі өнер туралы, әрі зат есімнің түрлері туралы білімдерін толықтырды деген ойдамын.

Бұл цифрлы сабақты түсіріп, ғаламторда жариялау өте оңай болды деп айта алмаймын.

Бейнесабакты жасау үшін мен Adobe Premiere Pro, Microsoft PowerPoint секілді арнайы компьютерлік бағдарламаларды үйреніп, оларды өз сабағымда тиімді қолдануға тырыстым. Презентацияны видеоға айналдыру, кадр сыртындағы дауысты презентацияға қосып, мәліметтердің көзге көрнекі, әдемі көрінуі үшін видео монтаж-дайтын Adobe Premiere Pro бағдарламасын меңгердім. Алдымен оқушылармен амандасып, тақырыпты таныстыру үшін өзімді видеоға түсіру, бұрын камера алдында жүрмеген соң, алғашында сәл ыңғайсыздау болды. Дегенмен осы тәжірибе арқылы видеода әр сөзімді нық, түсінікті айтуға дағдыланып, өзіме деген сенімділігімді де арттырдым.

Онлайн сабақтың бір кемшілігі – мұғалім мен оқушы арасында тікелей қарым-қатынас болмаған соң, балалардың назары басқа жаққа тез ауып кетуі мүмкін. Сондықтан мен сабақ уақытын барынша пайдалы өткізуді, айтылған әр ақпараттың балаларға түсінікті және қызықты болуын

көздеп, видеодағы әр минутты мейілінше ұқыпты пайдаландым. Видеоның тартымдылығы, сабақ түсіндірушінің дауыс ырғағы, тіпті көңіл күйі білім алушының ынтасына әсер ететіндігін деп ескердім. Осының арқасында сабақ қысқа да нұсқа, іш пыстырмайтын жаңа мәліметке бай видео болды деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, бұл эстафета мен үшін өзімді сынайтын, педагогикалық білімді шыңдайтын жаңа челлендж болды. Мен енді заманауи ақпараттық технология түрлерін қашықтықтан оқыту барысында шебер қолдана алатын мықты маманға айналдым деп сенімді айта аламын.

Арайлым АУЕЛБАЕВА,
“Маңғыстау аудандық білім бөлімінің
Нұн Жұбаев атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі” КММ
бастауыш сынып мұғалімі

Жамбыл күні

Маңғыстау аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен қазақ поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдiлi, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың 175-жылдығына орай «Жамбыл күні» шарасы өтті. Шараның мақсаты мен міндеті батырлықты, өрлікті, әділдік пен теңдікті жырлап ғасыр жасаған халқының аса дарынды перзенті Жамбыл сынды ұлы тұлғамызды жадымызда жаңғырту арқылы халықтың санасын, халықтың ойындағы ұлттық рухты тәрбиелеу. Жастар мен жасөспірімдерді отаншылдыққа, бірлікке шақыру. Кітапхананың фоеcінде «Жамбыл Жабаев 175 жыл» атты көрме мен стенд жасақталды. Кітапхана басшысы Қасымова Гүлжәмила Құсайынқызы мерейтоймен құттықтай отырып, ұйымдастырылып отырған шараға өз алғысын білдірді. Кітапхананың оқырмандары Жамбыл Жабаев өлеңдерін жатқа айтты. Олар:



Төребек Дәулетбек «Аттандару», Бекеева Жұлдызай «Өнердің өсуі», Рахатқызы Ақжібек «Қайта келген жастық шақ», Рахымбек Нұрсәт «Жаз» өлеңдерін жатқа айтса, мектеп мұғалімдері өнер мектебінің домбыра сыныбының мұғалімі Ерболатова Сәуле «Темір тұлпар», Б.Жұмалиев атындағы орта мектептің қазақ тілі мұғалімі Жәукебаева Қарлығаш «Менің өмірім», ағылшын пәні мұғалімі Қобыланова

Сымбат «Алатау» өлеңін үш тілде мәнерлеп оқыды. Шараға қатысқан оқырмандарға Жамбыл Жабаев туралы сұрақтар берілді. Маңғыстау аудандық балалар өнер мектебінің дәстүрлі ән сыныбы оқушылары Нәби Мөлдір мен Амангелді Досат «Жаз» әнін орындады. Жетекшісі: Еркінбаева Гүлсінай. Маңғыстау аудандық балалар өнер мектебінің домбыра сыныбының мұғалімі Ерболатова Сәуле шараны «Кербез керік» күйімен аяқтады. Шара соңында кітапхана ұжымы Жамбыл Жабаевтың өлеңін оқыған оқырмандарға кітапхана атынан сыйлықтар таратты.

Сәуле ЕРБОЛАТОВА,
Маңғыстау аудандық балалар өнер мектебінің домбыра сыныбының мұғалімі

Қашықтықтан оқыту жағдайындағы Yessenov University -дің бастамалары

Әлемдегі қалыптасқан жағдайға байланысты 2020 жылдың наурыз айында еліміздің барлық білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту әдісіне көшуге мәжбүр болған еді. Жоғарыда аталған білім берудің мұндай дербес түрлерін қолдануда өлкеміздің жоғары білім берудегі бірден бір флагманы - Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Инжиниринг және Технологиялар Университеті 2020 жылдың басында-ақ қолға алған болатын.

Ең алдымен, қашықтықтан оқыту ұғымның екі түрлі түсініктеріне - қашықтықтан оқыту және онлайн-оқытуға тоқталайық.

«Қашықтықтан оқыту» түсінігінің көптеген анықтамалары бар. Анықтамаларды жеке қарастырсақ, қашықтықтан оқыту (ҚО) - бұл білім беру үдерісіне тән барлық компоненттерді-мақсаттар, мазмұн, әдістер, ұйымдастырушылық формалар, оқу құралдарын бейнелейтін және ғаламтор-технологиялардың нақты құралдарымен немесе интерактивтілікті қамтамасыз ететін басқа құралдармен жүзеге асырылатын, қашықтықтағы оқытушы мен студенттердің өзара әрекеті.

Қашықтықтан оқыту - бұл білім берудің дербес түрі, қашықтықтан оқытудағы ақпараттық технологиялар жетекші құрал болып табылады.

Онлайн-оқыту, соның ішінде электронды оқыту, қашықтықтан оқыту, электрондық оқыту - бұл нақты уақыт режимінде ғаламторды пайдалана отырып, жаңа білім алу әдісі. Электрондық оқыту индустриясы - қазіргі уақытта әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан білім беру технологияларының бірі болып табылады.

2020 жылдың көктем айларында қашықтықтан оқытуға көшкен Университеттің білім беру дағдысы қашықтықтан оқыту және онлайн форматында жүзеге асырылды. Күндізгі оқу форматындағы дәстүрлі оқу негізгі процесі алмастырылып қана қоймай, сонымен бірге, жыл сайын өтетін форумдар мен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер онлайн режимге көшірілді.

Соның ішінде білім ордасы студент пен оқытушы арасын байланыстыратын «Canvas» жүйесі арқылы, сабақ өткізу процесінде онлайн дәріс оқу, онлайн тәжірибелік тапсырмалар қабылдауды қарастыратын жаңа платформаға көшті.

«Білім инемен құдық қазғандай» деген мақалдың астарында білімнің ешқашан да маңызының жоғалмайтындығын көрсетеді. Осы орайда, студенттермен қатар, университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы да тек қана дәріс оқумен ғана шектелмей, жыл бойы білімдерін жаңартып отырады. Университет оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстары да қашықтықтан оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Профессорлық-оқытушылар құрамы үшін онлайн форматта біліктілікті арттыруға мүмкіндік беретін платформалардың бірі- Coursera жобасы.

«Coursera» - бұл Стэнфорд университетінің информатика профессорлары Эндрю Ынг пен Дафне Коллер құрған онлайн-білім берудің ауқымды жобасы. Оның аясында ғаламторда оқу материалдарын онлайн курстар жиынтығы түрінде жариялау жобасы бар.

Жоба жүйеде әр түрлі білім салаларында курстар шығаратын және өткізетін университеттермен ынтымақтастықта болады. Студенттер курстарға қатысады, курстастарымен қарым-қатынас жасайды, тесттер мен емтихандарды тікелей Coursera веб-сайтында тапсырады, сонымен қатар iPhone және Android-ке арналған мобильді қосымша таратылады.

2017 жылдың ақпанындағы жағдай бойынша Coursera-да 62 миллион қолданушы тіркелген және 149 білім беру ұйымдарының 4300 курстары мен 430 мамандандыруы бар.

Жоба физика, инженерия, гуманитарлық және өнер, медицина, биология, математика, информатика, экономика және бизнес курстарын қамтиды. Курстар ұзақтығы шамамен алтыдан он аптаға дейін, аптасына 1-2 сағаттық видео дәрістерден тұрады, оларға тапсырмалар, апталық жаттығулар, кейде қорытынды жоба немесе емтихан кіреді.

Басқа онлайн жобалардан айырмашылығы, жоба жеке дәрістерді ұсынбайды, бірақ субтитрлермен, мәтіндік жазбалармен, үй тапсырмаларымен, тесттермен және қорытынды емтихандармен бейне дәрістерден тұратын толыққанды курстарды ұсынады. Курстарға қол жеткізу уақыты шектеулі; әрбір үй тапсырмасы немесе тест тек белгілі бір уақыт аралығында орындалуы керек. Курс аяқталғаннан кейін, аралық тапсырмалар мен қорытынды емтиханды ойдағыдай орындаған жағдайда, студентке орындағаны туралы сертификат беріледі.

Бұл жобаның артықшылығы, оның сертификат берілуінде ғана емес, сондай-ақ, Yessenov University оқытушылар құрамы уақыттың кез келген мерзімінде күндіз де, түнде де жобаның дәрістеріне қатысып, жеке пікірлерін жаза отырып, тәжірибе алмасады, дәріс ұсынушы шетелдік әріптесінің біліктілігін көре алады және өз әжірибесімен сабақтастыра алады. Осы орайда университеттің шамамен 300-ге жуық профессорлық-оқытушылық құрамы аталған білім жобасынан өтті.

Coursera-ның тағы бір ерекшелігі, курстардың көпшілігі ағылшын тілінде, қытай, испан, француз, орыс, португал тілдерінде (оннан астам), басқа тілдерде бірнеше курстар бар. Сонымен қатар, субтитрлер әлемнің көптеген тілдерінде белсенді түрде қосылады, оларды тыңдаушылар өз еркімен жасайды. Yessenov University оқытушылары да негізінен ағылшын және орыс тілдерінде жоба курстарынан сәтті өтіп шықты.

Жоба арқылы біліктіліктерін арттыра түскен оқу орны оқытушылары жаңа оқу жылында «I spring 9» бағдарламасы арқылы онлайн форматтағы жаңа стильде студенттерге арналған пәндердің кешенді дәрістерін жасап шығарды.

Римма ЕРЕЖЕПОВА,
«Халықаралық қатынастар және туризм» кафедрасының аға оқытушы



Әбіштің әңгімелерінен...

Сөз күдіреті

(Жалғасы. Басы газеттің алдыңғы сандарында)

Іргелі ел болам деген жұртқа мұздай темір құрсанған қарулы қол қандай керек болса, тілі майда, сөзі жорға, көкірегі даңғыл мәмлегерлер де сондай қажет. Таяқ жеген адамның жалкылдап ісіп кеткен көзінің алдындай боп көкжиекке көк мұнар көлکیدі де тұрады.

Міне, қызылды-жасылды хан ордасы ку мазардай қуарып тұр, Ел ұстаған билеушінің ордасынан гөрі өтпей отырған кәрі қыздың қызылды-жасылды отауына көбірек ұқсайды.

«Ерден бақ таярда қатыны құтырады, елден бақ таярда иті құтырады деуші еді. Қалғаны құрыса құрысын, қазақ тек арғымағымен азаматына абай болсын!».

Кісіде көкейтесті мақсаттың ғана болуы аз, сол мақсаттың ұрым-талын сарыла күте алар сабыр да керек ғой.

Қазақтың жаны – малы. Малының арығаны – жанының арығаны. Малынан айырылғаны - жанынан айырылғаны. Қазақты мұқалтатын кісі осындай тұсты аңдиды. Суыт жүрісті Кіші жүз қолы жапырақ таудың әбден аласарып, болдыртқан көрттің мүжілген жамбасындай боп сілемденіп біткен күн батыс құйрығына ілікті. Опасыз уақытқа қара жерде не болып жатса да, бәрібір екен ғой. Қан ағып жатыр ма, у ағып жатыр ма, адам өліп жатыр ма, шыбын қырылып жатыр ма – оған бәрібір. Оған әйтеуір, мына уылжыған дүниенің құлазып бос тұрмай, жым-жырт тыныш тұрмай, дүрлігіп жатқаны керек екен ғой.

Қызыл тілім мен сара көкірегімнің жолына тұзақ болады деп иініне асыл ілмей, алдына мал түсірмей, жанына ағайын-жекжет жолатпай қара қылды қақ жарған тура би атанған Мәтіні кім белмесін.

Ат иесі: «Жігітім тартынба, ал! Кісіге бақыт та, қасірет те осылай ойда жоқта тап болатын. Бақытыңнан бас тартып тұрғаныңды, жоқ қасіреттен бас тартып тұрғаныңды қайдан білесің?

Мәселімді қайтарма. Жалғыз-ақ бұйымтайым, әкене сәлем айтып барсаң болғаны», - дейді.

...Тайланға қолын жайып: «Қой анасы оннан, түйе анасы бірден, жылқы анасы бестен, өсейін десе астан-кестен,» - деп бата берген екен.

Бала әкеге бес жыл жұмбақ, әке балаға өмір бойы жұмбақ деген осы екен ғой.

«Көкірегінің көзі ашық, талағының биті бар азаматтардың бойкүйіз болғаны өзінің де, халқының да соруы....» «Тірі жүрсем ақыры бір жарып шығам....», «Ендігі халқының жол бастаушысы – жолбарыс та, бөрі де емес, қызыл түлкі...»

Мынау кім көрінген кемсіткен «майтымақ», «бұратана», «көшпен ді», «босқыншы», «қаңғырма», «қой соңындағы қой» аттарынан қайтадан «қазақ», «қазақ-кем» атанар күні туар ма екен?

-- Желкелеп сабайды дегенді білуші ек. Енді жетектеп сабайды дегенді де көретін болдық. Есітмеген елде көп деген осы екен-ау!

Ағыл-тегіл қан төгілген жерде ақылға тізгін тие қоя ма!

...Бес қаруы белінде мұздай темір құрсанған тепсе темір үзетін еркектер асай-мұсайын асынған бойда-ақ қуыс өзекті пенделіктен айырылып найзаның ұшын сынар, қылыштың жүзін сынар, дұшпанның ашуын сынар, мергеннің дөптігін сынар жансыз, арсыз бет-бейнесі өлі нысанаға айналмай ма? Оны адам деп кім аяушы еді!

... Есенгіретпеген, естен тандырмаған бақыт бақыт боп па!

Басыңа нокта бәрібір түсетін болса дініңе қол сұқпайтын, тіліңе қол сұқпайтын, күн көрісіңе қол сұқпайтын іргелі патшалықты көріп отырып, жетегіне ал деп неге жармаспайсың!

...Қайыршының бұл дүниедегі жалғыз дәулеті – мойнындағы дорбасы.

...«Қызырдың бергеніне тіл өтпейді, қайыршының ұстағанына көз тимейді».

Асауды күшпен емес айламен алады. Күш көрсетсеңіз, күшігенді де іліктіре алмайсыз, ал айламен арыстанды да нокталауға болады емес пе?

...бала мінезді жұрт ақырғаннан гөрі алдағанға оңай түседі. Тәтті сөз, жылы қабаққа салмақ салыңқырайық.

...Сосын кіршіксіз аппақ шұбалған матаны басына қайта орай бастады. Әр ораған сайын: «Мұнымен, сабырсыздық, сенің аяқ-қолыңды матадым», «мұнымен, іштарлық, сенің сенің аяқ-қолыңды матадым», «мұнымен, көрсеқызарлық, сенің аяқ-қолыңды матадым», «мұнымен, дүниеқоңыздық, сенің аяқ-қолыңды матадым», - деп күбірлеп қояды.

...Беліндегі кемер белбеуін алып: «мұнымен, мен-мендіктің жолын кесіп, мейірімділіктің жолын ашамын», «мұнымен, ашудың жолын кесіп, сабырдың жолын ашамын», «мұнымен, сараңдықтың жолын кесіп, саликалықтың жолын ашам», «мұнымен,

надандықтың жолын кесіп, діндарлықтың жолын ашам», «мұнымен, нәпсінің жолын кесіп, құдайға құлшылықтың жолын ашам», «мұнымен, ашқарақтықтың жолын кесіп, қанағаттың жолын ашам», «мұнымен, эзезілдің жолын кесіп, әулиенің жолын ашам» - деп жеті рет буып, жеті рет шешті.

...Арттарында мың бір жылан ирелеңдеп ойнақ салғандай жаяу боран үдей соққан жадағай Үстіріт, алдарында-ішіне құйрық бауыр салып құдаларға ұсынған қара тегештей дөңгелек алқап, ақ шындар мен қара шоқылар ай құшақ қауып жатқан Маңғыстаудың қара ойы. Ақ таулардың етегінде ойдық-ойдық сор жалтыраса, қара шоқылардың күнгеі баурында кемпірдің қолынан жел алып қашқан шүйкедей боп шөкім-шөкім тұман кілکیدі. Арлан бөрінің азу тістеріндей андыздаған ақ тұмсықтардың арасынан жалғыз сабақ ине жіптей ширатыла құлаған жіңішке жол тақтайдай тықылдаған тақыр сорды басып өтіп, ойдағы ақ шоқы, қара шоқыларды орағытып бұлғақтай қашып отырып, қазір көзге көрінбей тұрған, бірақ анау түтіндей жатқан көкжиектің құшағындағы күркіреген көк теңізге барып бір-ақ тіреледі.

Өз ағасын ағаламай, кісі ағасын жағалаған қай азаматты қазақ тектіге санап еді?

Сахналық тәбие сағаты

Бұл тәрбие сағаты сахналық көрініспен өткізілетін сабақ, бұған класс жетекші алдын-ала оқушыларын дайындап, толық мәніне жеткенде, класс оқушыларының, тіпті мектеп оқушыларының алдына да көрсетсе, өте тиімді болған болар еді.

Тәрбие сағаттарында оқушылар еңбегін көрсете білу – сабаққа оқушылар белсенділігін арттыратыны сөзсіз. Жылдық тәрбие жұмысының жоспарын жасағанда әр оқушыға әдейі инценировка жазып, оны көрсетуге дайындау тапсырылады. Абай қарасөзінен, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Бәйшешек бақшасы» әңгімелерінен, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы эпопеясынан», М.Шаханов, М.Мақатаев шығармаларынан жасалған инценировкалар өте қызықты өтеді. Енді біздер, төменде Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романынан оқушылар еңбегін пайдалану үшін сахналық қойылым жоспарын беріп отырмыз. Бұнда билер шешендігінің тамаша үлгісі суреттелген. Ескере кететін жай билер роліне әдемі сөйлейтін оқушыларды таңдап алу керек. Қайталап айтамыз, толық жаттығудан өткізу керек. Сабақ мәнін жоғалтпайтын болуы керек.

Сахнада экранда қазақтың үш биінің суреті толық көрсетіледі.

(Сахна жабық, сахнаның ар жағында) Әдемі де әуезді дауыспен

- Халық не десе, о десін, бірақ ол үш жорғаның жұрт алдында бір-біріме кермар келгенін ешкім көрген емес. Бірі бастап берген әңгіме екіншісі қоштай жөнелгенде тоты құстың қауырсынындай құлпырып, аяқ астынан ажарланып жүре беруші еді. Сол үшеуінің аузының даусындай бірлік бергенде қазақтың жұлдызы қалай-қалай жарқырап еді. Қандай қиын түйінді де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді.

Қандай қикар дәукесін де Әйтеке айтқанда – құлақ аспасқа, Қазыбек айтқанда – құптамасқа, Төле айтқанда - «төресі осы» - деп жығыла кетпеске жағдай жоқ-ты. «Әйтеке жарып айтады, Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады» деген де содан қалған-ды. Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып, қақаған қаңтарда арқар сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау! Тіпті қаралар дау қаралып, шешілер түйін шешіліп біткесін де, тарағылары келмей үш бидің аузына қарап тамсанып бағар-ды.

Осы жолы эз Тәукені күллі қазаққа хан сайлап, сұпы Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, жеті жарғының жобасын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасында да жиылған жұрт: «Ертең елге барған да айта баралық, үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді?» - деп тырп етпей тұрып алғанды.

Сахна ашылады. (Шаршы төбенің шырқау басында зер кілемді алтын тақта алтын тәжді Тәуке хан. Екі қанатында ұлыс бегі төрелер. Тақтан сәл төменде үш арыстың қамшысын ұстап үш жүздің төбе билері жайғасқан. Одан төменде ру басы билер, батырлар, ал етегінде қарақұрым қарашалар).

Тәуке хан (нығаздай, салмақты екпін түсіре көпшілікке зор дауыспен) – Сонда үш биден не сұрайсыздар?

Біреу. Үш би бізге заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын? Көпшілік. (қосыла- жөн сөз! дейді)

Төле би (қамшысын алдына тастап)

- О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісісініп кеткен жоқ па?

- Қазыбек би (сөзді іле, қамшысын көтере тастап)

Жылқы біткен көп кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! Әйтеке (ілесө, қамшысын көтеріп) Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатының, көк найзаң - балаң болар!

(Қарақұрым көп халық қуаттағандай бастарын иеді). Тәуке хан. Енді не сұрайсыңдар?

Екінші біреу; Енді үш би бізге кәрілік пен жастық хақында не мәслихат қосады екен?

Төле би (әдеттегідей қамшысын тастап) Үй сыртында төбен болса - ерттеулі тұрған атың ғой, ел ішінде қария болса жазулы тұрған хатың ғой.

Қазыбек би (сөзін іле-қамшысын көтере) жалтылдайды екен деп жастықты сөкпе - бөрінің шыққан тегің сол, қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе - ертенгі жетер шегің сол.

Әйтеке би (ілесө, қамшысын көтеріп) Ар сатып алған атақтан тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан кәріден еңбегін тосқан бала артық.

Тәуке хан. Тағы не білгілерің келеді?

Үшінші біреу. Енді бізге үш би жомарттықтың қандай жаман, сараңдықтың қандай жақсы екенін айтсын.

Төле би. (Әдеттегідей қамшысын көтере тастап) Жомарттықта суайттың куәге жомарттығы, молданың дұғаға жомарттығы жаман. Ең жақсы сараңдық: қасың сұрағанда «барға» сараңдық, досың сұрағанда - «жоққа» сараңдық.

Қазыбек би (ілесө қамшысын көтере) жомарттықтың тағы бір жаман түрі: еркектің жетекке көңілшектігі, ұрғашының етекке көңілшектігі. Көрсө қызардың алдында жарыңа сараңдық, айналдырған аурудың алдында жаныңа сараңдық жақсы.

Әйтеке би. (іле, қамшысын көтере) Дуаға жомарт молда малынан қағылар, куәға жомарт суайт абырой-арынан қағылар, жігіттің көңілшектігі - атының соруы, әйел көңілшектігі - арының соруы. Ең жаман жомарттық уәдеге жомарттық. Тамыр мен тамырдың арасында бопсаға сараңдық жақсы, дос пен достың арасында бопсаға сараңдық жақсы. (жұрт бір-біріне бас изесіп, желпінісіп қалады.)

Тәуке хан. Тағы қояр сұрақтарың бар ма?

Төртінші біреу. Енді үш би бізге ұл мен қыз хақында не айтар екен?

Төле би. (әдеттегідей қамшысын көтеріп қойып) Ұл өссе – ұрпақ, қыз өссе – өріс.

Қазыбек би. (ілесө, қамшысын ұстап) ұл бала аптық-қаннан өлсін, қыз бала тұншыққаннан өлсін. Әйтеке би. (іле, көтеріле дауыстап) Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің.

(Осы кезде көп ішінен бесінші біреу көпті күлдіріп) Енді осы үш жорға ерлі зайыпты екеу туралы бірдеме айтсын?

Төле би. (әдеттегідей қамшысын көтере) Жарақтыдан құтқарса - атың мұра, жалғыздықтан құтқарса -қатын мұра.

Қазыбек би. (ілесө, қамшысын көтеріп) Төсекте қызық көрмеген, тамұқта жаны шошымас; жар құшып бауыры күймеген, ұл сүйіп ерні тұшымас.

Әйтеке би. (іле, қамшысын көтеріп) Азынаған айғырды үйірінде көр, аңқылдаған жігітті үйінде көр. (халық түсінгендей гу-гулей жөнеледі.)

Тәуке хан. Енді де сұрақтарың бар ма?

Алтыншы біреу: Үш би бізге енді адам құлқынан үш ауыз сөз айтсын.

Төле би. (әдеттегідей қамшысын көтеріп) Биікке шықсаң көңілің ашылар, жақсымен тілдессең - зейінің ашылар.

Қазыбек би (ілесө, қамшысын көтеріп) Аты жаманның арманы кетер, баласы жаманның дәрмені кетер.

Әйтеке би. (ілесө сөйлеп) Нияті жаманның иманы кетер, әйелі жаманның мейманы кетер. Алланың сүйгені - азан, халықтың сүйгені – қазан.

... Күлтөбеге жақын ауыл біздікі екен, жиналған көп әлеумет, жүріп дәм татыңдар. (жиналған көпшілік «Бәрекелді» жөн сөз деп қозғала бастағанда, орнынан тұрған Төле биге Қазыбек. –Уа, Төке, жол үлкеннен, қызмет кішіден деген ғой, жолымыздан қалмайық. Орындарынан түсе береді, шымылдық жабылады).

Фермебай ЕРЕЖЕПОВ,

Бақыт БАЛУЛЫ,


Халық ағарту ісінің озаттары,
Бейнеу ауданының құрметті азаматтары

(жалғасы газеттің келесі санында)

«Өлкетану» оқулығын қолданудағы өзекті мәселелер» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өтті

Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 24 ақпан күні Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар; Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатындағы «Туған жер» бағдарламасы аясында БЖҒМ арнайы тапсырмасымен облыс мектептеріне қолданысқа енгізілген «Өлкетану» оқулығы бойынша «Өлкетану» оқулығын қолданудағы өзекті мәселелер» тақырыбында онлайн семинар-кеңес өткізді.

Семинар «Өлкетану» курсынан үйірме, факультатив сағаттар алған мұғалімдердің жұмыстарында кездесетін қиындықтар мен жетістіктерді ортаға сала отырып, әдістемелік көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылды.



Күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша еркін форматта пікір алмасу жүргізіліп, сұрақтарға тиісінше жауап берілді.

Мектептерде «Өлкетану» оқулығының жетіспеушілігі, талап бойынша музейдегі, табиғат аясындағы тарихи нысандар жанында ұйымдастырылатын сабақтардың көліктің болмайтындығынан тиісті деңгейде өтпейтіндігі, тіпті, кей мектептерде 5,6,7 сыныптарға сағат берілмегендігі, мектеп басшыларының әлі күнге дейін курстың өтуіне жете мән бермей отырғандықтары мәселе болып көтерілді.

Семинарда Ақтау қаласы, «Ф.Оңғарсынова

атындағы №29 жалпы білім беру орта мектебі» КММ география пәнінің мұғалімі Дүмбаев Мәулен, Бейнеу ауданы, Үстірт орта мектебінің қазақ тілі, әдебиеті пәнінің мұғалімі Сактаганова Райса – «Өлкетану» курсына бағдарлама жасағандары және оны авторлық бағдарлама ретінде көпшілікке ұсынуды өлкеге танымал тұлғалармен бірлесе отырып, сабақта қолданылатын бірнеше туристік маршруттар жасауды, тарихи-мәдени орындарға саяхат ұйымдастырумен қатар, бұл тақырыпта семинар – кеңестерді жиі өткізуді, Түпқараған ауданы, Ғ.Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейінің география пәнінің мұғалімі Абдуллаева Ақтоты әр аудан, қала мұғалімдері өздерінің тұрғылықты жерін таныту мақсатында жекелеген жинақтар шығаруды және өзінің «Маңғыстау ауданының географиясы» кітабын шығарғанын, алайда облыс мұғалімдерінің бұл жұмыспен әлі күнге таныс емес екендігін, «Өлкетану» оқулығымен жақсы деңгейде жақсы жұмыс жүргізіп отырылғандығын айтып өтті.

Семинарды қорытындылай келе, қатысушылар:

- «Өлкетану» курсы бойынша саяхат сабақтардың әр аудан/қала бойынша жеке маршруттар жобасын жасақтау;

- Аталған курсты жүргізетін мұғалімдердің тақырыптық викториналар, сөзжұмбақтар, ребустар, термин және диалект сөздер мен танымдық шараларының облыстық жинағын шығару;

- «Өлкетану» оқулығының жетіспеушілігіне байланысты мектептерді оқулықтың электронды нұсқасымен қамту;

- «Өлкетану» курсы материалдарын сынып сағаттарына пайдалану, өлкетану бойынша

олимпиадалар ұйымдастыру;

- «Өлкетану» курсының жүргізетін мұғалімдердің үздік авторлық бағдарламаларын жинақтау, іс-тәжірибелерін тарату;

- Орталықтың сайтына мұғалімдердің өлкетану сабақтарының бейнероликтерін және Түпқараған ауданы, Ғ.Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейінің география пәнінің мұғалімі Абдуллаева Ақтотының «Маңғыстау ауданының географиясы» кітабын енгізу, таныстыру;

- Әр аудан/қаланың жеке өлкетану оқулығы жобасын дайындау;

- Семинарға қатысушы белсенді мұғалімдердің үздік саяхат сабақтарын ұйымдастыру.

- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар; Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатындағы «Туған жер» бағдарламасы аясында БЖҒМ арнайы тапсырмасымен қолданысқа енгізілген «Өлкетану» оқулығы курсына 5,6,7-сынып оқушыларын толық қамту қажеттілігі туралы ұсыныстарын білдірді.

Арайлым АЙТЕКЕНОВА,
туризм-өлкетану бөлімінің әдіскері



Кітапхана - білімнің күншуағы



Ілімі ізгі кітап-қашан да өмір жолына қызмет етер құрал іспетті. Кітапты оқып қана қоймай көңілге токи жүріп өмір тәжірибемізде іске асыру, мән-мағынасын тұшынып қана қоймай оқығаныңды, білгенінді бөлісу – ұлы адамның ісі. Білгенін мен көргенінді үйрете жүріп өз білімінді жетілдіру де кітапханашы мен кез-келеген педагог үшін жеткен жетістігінің бірі болмақ. Осындай мамандық жолында алғашқы қызмет жолын бастаған Өтес орта мектебінің жас маманы Оңайбаева Айгерімнің де ұстамы берік. Кітапхана ісі туралы мамандықты оқи жүріп болашақ қызметі туралы көптеген өзіндік идеялары мен оқушыларды кітапқа баулу мақсатында ақын-

жазушылардың өмір жолдарын мәнерлеп оқытып, олардың суреттерін көрсету арқылы өмір жолдары туралы түрлі іс-шаралар өткізіп, мектебіздің оқушыларын поэзия әлеміне баули түсуде.

Кешегі өткен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жыл толуына орай Өтес мектебінің «Жырлайды жүрек» атты бір топ оқушылардан құралған оның ішінде: Аманбай Сәбинұр, Төреғалиқызы Балауса, Серікқалиұлы Шадиар, Қисықбай Дария сынды бастауыш сынып оқушылары өздерінің жаттаған өлең шумақта-

рын арнаса, 9-сынып оқушылары Мұрат Бейбіт, Максүтова Айида, Хамза Мария көлемді жүректен шыққан монологтарымен жанды тебіреніс білді. Айгерімнің айтуынша: кітапхана іші оқырманымен сәнді, оқушылар ертегілер мен аңыздарды оқи жүріп мазмұнын айтуға асығатын сәттері де көп болады.

Әр жұмыстың өзіндік қиындығы болатыны сөзсіз десек те кітапхана қызметі қызықты әрі кітаптың авторы мен шығарманың атауын есте сақтаудың өзі ерекше қабілетті табап етеді. Келген

оқырманыма іздеген материялын тауып бергенде онымен бірге өзін де бірге қуанатын кездерім көп болады», дейді.

«Кітап білім бұлағы», - деп дана халқым бекер айтпаса керек. Қазіргі жасты ғана емес кәріні де смартфон өз ырқына көндірген заманда кітап оқу, кітап іздеу, романның кейіпкерін еске түсіру былай тұрсын, атын естігіннен бармақ тістейтін сәттеріміз көп. Ізденгенге маржан, оқығанға ой салар ұлылардың ұлағатты сөздері, қазақтың таңғажайып сөздік қоры, астарлы ақиқаты мен тұрақты сөз тіркестеріне қаныға өскен ұрпағымыз кешегі дауды саралы сөзбен шеше білген бишешендеріміздің салып кеткен сара жолын жалғастырса, нұр үстіне нұр болмақ.

Гүлзат АХБАЙҚЫЗЫ,
Өтес орта мектебінің
өзін-өзі тану мұғалімі



STEM білім беру - заман талабы



Бүгінде STEM-білім берудің маңыздылығына уақыт көзімізді жеткізіп отыр. Облысымызда STEM-білім беру бойынша педагогтердің кәсіби дамуына көмек көрсетіп отырған «Өрлеу» БАҰО» АҚ Маңғыстау облысы бойынша филиалындағы курстарға қатысу көптен бері ойлап жүрген мақсатым еді. Соның орайы келіп, жақында филиалдың STEM бойынша тренері Р.Ж.Нұрова өткізген «STEM-білім беру жағдайында оқушылардың сабақтан тыс жұмысын ұйымдастыру жолдары» тақырыбындағы қашықтан ұйымдастырылған ғылыми-әдістемелік семинарға қатыстым.


Семинарда STEM-білім беруде қолданылатын түрлі әдістемелік тәсілдермен таныстық. Семинар барысында қызықты тренингтер өткізіліп, зерттеу-танымдық әрекетті ұйымдастыруға арналған әдістемелер ұсынылды, сонымен қатар сабақ жоспарын тиімді етіп жасауды, оқушылардың ізде-

німпаздығын дамытуды меңгердік. Белсенді оқыту әдістеріне және пәндерді интеграциялауға негізделген қызықты тренингтер, ағылшын тіліндегі ресурстармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыратын жұмыстар болашақтағы нәтижелі жұмысымызға ықпал етеді деп ойлаймын.

Семинар барысында өткен STEM-білім беруде қолданылатын түрлі тәсілдер, белсенді оқыту әдістері мен пәндерді интеграциялауға негізделген қызықты тренингтер және ағылшын тіліндегі ресурстармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыратын жұмыстар болашақтағы нәтижелі еңбегімізге ықпал ететініне сенімдімін.

Алия ТӨЛЕГЕНОВА,
Мұнайлы ауданының
№3 жалпы білім беру орта мектебінің
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шығармашылық еңбегіме жаңа бағыт берді



«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ ұйымдастырған «STEM-білім беру жағдайында оқушылардың сабақтан тыс жұмысын ұйымдастыру жолдары» тақырыбындағы облыстық семинарға қатысып, STEM-білім берудегі түрлі әдістемелік тәсілдерімен таныстым. Әсіресе «Зоотроп», «Домино», «Парашют», «Вертолет» секілді әдістер өте ұнады. Бұл әдістердің шәкірттеріме де қызықты болары сөзсіз.

Семинар барысында, сондай-ақ, белсенді оқу әдістерін толық меңгеріп, қысқа мерзімді сабақ жоспарын дайындаудың техникасын үйрендік.

«Ұстаздың берген білімі – шәкіртіне өмірлік бағыт» демекші, осы семинардан үйренген білім мен біліктілігім кәсіби деңгейімді жоғарыға көтеріп, шығармашылық еңбегіме жаңа бағыт берді.

«Өрлеу-Маңғыстау» ұжымына және тренер Рысгүл Жұмажанқызына ризашылығымды білдіремін.

Майра ҚАЗИЕВА,
Халел Өзбекғалиев атындағы
Маңғыстау политехникалық колледжінің
информатика пәні мұғалімі

Кәсіби шеберлікті шыңдау жолында



Замана алға жылжып, адамзат кемелдікке ұмтылған сайын кітап пен кітапханалардың маңызы арта түспек. Өйткені ұлы Әбіш Кекілбаев айтпақшы, «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана».

Кітапхана жұмысының өз жүйесі, тағылымы бар. Мұнда тарих тасқа басып қатталады. Бүгінді болашаққа жалғайды.

Кітапхана жұмысы бүгінгі заман талабына сай дамып, жетілу үстінде. Бұл кітапханашылардан заман ағымынан қалмай, кәсіби дамып отыруды талап етеді. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ-да өткен «Кітапханалық қызметті тиімді ұйымдастыру жолдары» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсына кітапхана ісін дамыту және жетілдіру жөніндегі мемле-

кеттік құжаттар, нұсқаулармен танысып, жаңа технологиялық құрылғылар және кітапханалық MARK SQL программасы жөнінде мол мағлұмат алдық.

Курс барысында теориялық, практикалық, сонымен қатар өзіндік жұмыстар да жасадық. Тест сұрақтарына жауап беріп, Б.Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» кітабын оқып талдадық. Шығарманы оқырманға қалай, қай жағынан ұсынуға болатыны жайында пікір алмастық.

Кәсіби дамуымызға жағдай жасаған, әдістемелік көмегін аямаған жетекшіміз Ақкүріш Өтебаеваға алғысымыз шексіз.

Әсем ЖАРҚЫНБЕКОВА,
Сайын Шапағатов мектеп
гимназиясының
кітапхана меңгерушісі



МАҒЫСТАУ
МҰҒАЛІМІ

Ақпараттық, танымдық және
әдістемелік басылым

Бас редактор
Кемалова Айнұр Амангелдіқызы

Меншік иесі: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы
«Маңғыстау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде 30.01.2013 жылы қайта тіркеуден өтіп, №13323-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз: Ақтау қаласы, 26 ш/а, 60-ғимарат
Тел: 8(7292) 33-27-11. E-mail: mm_gazeti@mail.ru

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді,
хаттар мен қолжазба қайтарылмайды.

Автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Газеттің электронды нұсқасы
orleumo.kz сайтында жарияланады.

Газет редакцияның компьютерінде
теріліп, беттелді.